-рухани, тарихи, мәдени құндылықтарды сақтап дамыту;
-экономикалық білім саласындағы жобалау қызметі.

4.4.Білім беру мекемесіндегі денсаулық сақтау технологиялары мен өмір қауіпсіздігі:

-төтенше жағдайларға дайын болу;
-салауатты өмір салты қажеттіліктерін қалыптастырудағы жаңа формалар мен әдістер;
-экологиялық білім саласында жобалар мен бағдарламаларды нәтижелі қолдану және әзірлеме жасау тәжірибесі.

4.5.Оқушылар дамуында тьютор ретінде жетекшілік ететін сынып жетекшісі қызметін іске асырудың инновациялық әдістері мен формалары.

4.6.Кітапханашы жұмысындағы жаңа технологиялар.

4.7.Білім беру саласында әдістемелік қызметті ұйымдастырудың инновациялық модельдері.

Көрме-жәрмеңкесіне әр түрлі жанрдағы материалдарды ұсынуға болады:

-жобалау және зерттеу жұмыстарын;
-әдістемелік құралдарды;
-авторлық бағдарламаларды;
-әдістемелік әзірлемелерді, әдістемелік нұсқаулықтарды;
-оқулықтарды, оның ішінде электронды және т.б.

5. Көрме-жәрмеңкесінің ұйымдастырушылық құрылымы

5.1.Осы Ережеге сәйкес ұйымдастырушылар Көрме-жәрмеңкесін өткізу жөніндегі Комитет құрып, оның құрамын бекітеді.

5.2. Ұйымдастыру комитеті:

-жалпы көрменің өтуіне және барлық кезеңдердің уақытында аяқталуына жауапты.
-жеңімпаздарды анықтап, марапаттау өткізеді;
-көрменің барлық дайындық шараларының ұйымдастырылуына және өткізілуіне жауап береді;
-БАҚ-та, ОӘО сайтында көрме туралы ресми ақпарат таратады;
-сайыс материалдарын қарап тіркейді;
-материалдардың қойылған талаптарға сәйкестілігін тексереді;
-сайыскерлер тізімін құрады;
-қойылған талапқа сәйкес жұмыстарды кәсіби бағалау үшін конкурс комиссиясына береді;
-іс-шараны қорытындылайды.

5.3.Конкурс комиссиясы Көрме- жәрмеңкесі жұмысының мазмұнына жауап береді:

-Конкурс комиссиясының құрамы білім ұйымдары мамандарынан, ББД ОӘО әдіскерлерінен, ЖОО өкілдерінен тұрады.
-Конкурс комиссиясының мүшелері жұмыстарды бағалауда жобаны іріктеуде бекітілген бағалау өлшемдерін басшылыққа алады.
-Конкурс комиссиясының отырысын өткізу уақытын ұйымдастыру комитеті белгілейді.

6.Көрме-жәрмеңкесінің қатысушылары:

Сайысқа әртүрлі үлгідегі білім беру мекемелерінің ұжымдары мен педагог қызметкерлері қатыса алады. Қатысушылар жасына қарай шектелмейді.

7.Өткізу тәртібі, мерзімі және орны

«Педагогикалық инновациялардың Көрме-жәрмеңкесі» облыстық конкурсы 2 кезеңнен тұрады.

Сырттай өткізілетін кезең (2013 ж. 20 қараша мен 20 ақпан аралығы)

Сайыскерлердің жобаларын ұйымдастыру комитетіне жіберілген материалдар бойынша бағалайды.

Жәрмеңкенің сырттай өткізілетін кезеңіне 2014 ж. 20 ақпанға дейін келесі құжаттарды (бір файлды папкада) ұсыну қажет:

1) Қатысуға өтініш (1 қосымша)
2) Ұйымдастыру комитетіне мекеме басшысының қолымен және мөрімен расталған Жәрмеңкеге қатысу туралы ұсыныс хат